*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

4 қараша сенбі
№87 (1994)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*

# Өс, өн, өрбі, көбей, ҚАЗАҚ!

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Жұбан Молдағалиевтің осы бір өлеңі жүрегі қазақ деп соғатын әр азаматқа таныс. Иә, мың өліп, мың тірілген қазақтың пешенесіне жазылғаны оңай болмай тұр. Соғысты да көрді, аштықты да бастан өткерді, империалистік, шованистік көзқарастағылар қолдан да қырды. Арып-ашып, өлместің күнін көріп, егемен ел болды.

Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан асты дегеннің өзінде қазақты жетілді, еңсе тіктеді деп айту қиын. Бірақ ендігі жерде елдікті уыстан шығарып алмау үшін қарманып бағуда. Жұрттың бәріне дос болып құшақ ашып, ниет пен пейілдің түзу екенін білдіріп жатыр. Мұның бәрі не үшін? Қазақ үшін! Қазақтың өсіп-өнуі үшін!

Достық пейілді көздейтін көпвекторлы саясаттың дәлелін алыстан іздеп қажеті жоқ. Осы аптаның өзінде сәрсенбіде Франция, бейсенбіде Мажарстан мемлекеттерінің басшылары келсе, жұмада түркі мемлекеттерінің саммиті өтті. Бұдан артық қандай дәлел керек?!

Ұлттық статистика бюросы халық санының артып жатқанын мәлім етті. Тіпә-тіпә, тіл-көздің бәрі тасқа... Қытай мен үндіс секілді миллиардтардың елі болмасақ та 20 млн-ға жуықтадық. Құдайға шүкір дейік! Елімізде 2021 жылы халық санағы өткені баршаға мәлім. Сонда Қазақстан халқының саны 19186015 адамды құраған. Одан бері де екі жыл өткенін ескерсек, республикамыздағы тұрғындар саны біршама артқанын бағамдауға болады. «Егемен Қазақстан» газетіне Қуаныш Нұрданбекұлының «Бір қала мен екі облыста халық саны 2 миллионнан асты» атты мақаласы жарияланды. Онда Алматы қаласымен бірге Алматы облысының да халқы көбейгені жазылған. Екі миллиондық межені бағындырған аймақтың бірі – Түркістан.

Екі миллион деген жанымыздағы Қытайдың алпауыт қалаларымен салыстырғанда көп те емес. Тіпті Мәскеудің өзінде 20 млн адам тұрады деген дерек те бар. Жапон елінің астанасы Токионы 37 млн-нан астам адам мекендейді. Ал біз сөз еткен Алматы қаласында 2030285 тұрғын бар. Сондай-ақ Алматы облысында 2146 576 тұрғын болса, Түркістан облысында 2054021 адам бар.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, қала халқы артып келеді. 2009 жылмен санақ өткен 2021 жылды салыстырсақ, қаладағы тұрғындар үлесі 56,1 пайыздан 61,2 пайызға жеткен. Бұдан айналдырған 12-13 жылдың ішінде қалалықтар 5 пайызға артқанын көруге болады. Ішкі миграция салдарынан ауыл тұрғындарының саны 43,9 пайыздан 38,8 пайызға азайған. Біз мысалға алған 2009-2021 жылдар арасында Астананың да, Шымкенттің де тұрғындары миллионнан асты. Елорда тұрғындары 2009 жылы 613 мың болса, 2021 жылы 1 млн 234 мыңға жеткен. Қазақстандағы үшінші мегаполис саналатын Шымкентте 1 млн 122 мың 4 жүз адам тұрады. Мұнайлы Маңғыстау облысының халқы да соңғы он жылдықта 485 мыңнан 735 мыңға жетіп отыр.

Осы жылдың 1 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша Қызылорда облысында 839 мың 4 жүз адам тұрады. Оның ішінде қалалықтар 393 мың 9 жүз адамды құраса, ауылдықтар 445 мың 5 жүз адам болып отыр. Сыр өңірінде жыл басынан бері 10 мыңнан астам бала өмірге келген.

Ұлттық статистика бюросы келтірген мәліметте Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарында қала тұрғындарының санында өсім жоғары екені көрсетілген. Президент пәрменімен Ұлытау, Абай, Жетісу сынды үш бірдей облыс құрылды. Жаңа облыстардың құрылуы жаңа аймақтың дамуына жол салады деген сөз. Бұған осыдан 5 жыл бұрын еңсе тіктеген Түркістан облысын мысал етуге болады. Тағы бір айта кетерлігі, сарапшылар осы айдың соңына дейін Қазақстан халқы 20 млн-ға жетеді деп отыр. Сол 20 млн адамның 70 пайыздан астамы – ҚАЗАҚ! Тәубе-тәубе! Сөз соңын жүрек түкпіріндегі тілекпен аяқтаймыз: ҚАЗАҚ өссін, өнсін, өрбісін, көбейсін, әумин!

**Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ**

## СҰХБАТ

**Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ, эколог жазушы:**

## БАЛЫҚШЫ ЕСКЕГІНЕН, ДИҚАН КЕТПЕНІНЕН, ЖАЗУШЫ ҚАЛАМЫНАН АЖЫРАҒАН КҮН ЖАҚСЫ КҮН ЕМЕС

Біздің жүрекжарды сұхбатымыздың бүгінгі қонағы – жазушы, көсемсөзші, эколог, саяхатшы Сайлаубай Жұбатырұлы. Бүгінгі жүздесуде жазушының бірнеше өзекті мәселе туралы пікірін тыңдадық. Өнер әлеміне қанатын қомдап талпыныс жасаған албырт шағына, рухани өсу мен өрлеу жылдарына шолу жасап, қаламынан туған классикалық көркем әдебиеттердің қалай жазылғанынан хабардар болдық. Соның ішінде шоқтығы биік «Алыстағы аралдар» повесі мен «Абыржы» трилогиясын жазудағы қаламгердің туған жерге, кіндік кескен мекеннің тағдырына, қасіретіне деген көзқарасын, азаматтық ұстанымын байқадық. Тағдырын қарт Аралмен байланыстырған қаламгер әлем экологиясына қасірет әкелетін табиғи апаттан адамзатты құтқару жолында қырағылықпен күресіп, жалынды жастығының сәулелі сәттерін жанкештілікпен өткізгенін бағамдадық. Жанкештілік емей немене, 20 жасында ұлт трагедиясына қалам тербесе. Сұхбатымыздың өн бойында жазушының ой орамдары, күйзелістері, табандылығы, қазақ әдебиетінің публицистикалық жанрына әкелген тың жаңалығы суреттеледі.

**3 БЕТТЕ**

## ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## Саяжайда да өмір бар

Қалаға жақын орналасқан саяжайларда да бір қауым ел бар. Саяжай тұрғындары әрдайым өздері мекен еткен аумақтың сан мәселесін айтып келеді. Жол, су, ауызсу, аяқсу және басқа мәселелер саяжайдың көкейкесті пролбемасына айналған. Жақында аймақ басшысы қабылдауға келетін саяжай тұрғындарының мәселесін зерттеп, оларды шешу мақсатында зерделеуді тапсырған еді.

**4 БЕТТЕ**

## МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫН БАҒА ШЕШЕ МЕ?

**Газ тапшылығы бүгінгі күннің тақырыбына айналды. Қазан айының соңғы апталарында газ құю бекеттерінде кезек көбейіп, жүргізушілер сұйық отын іздеп сабылды.**

Аймақтағы газ тапшылығының себебін сол мезетте облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов түсіндірді. Яғни «Қазгермұнай» компаниясының газ қондырғысындағы ақауға байланысты. Алайда көптің көкейіндегі сұрақ газ бағасына байланысты. Жалпы нарықта қандай өнімнің тапшылығы туындаса, баға құбылатынын қарапайым халық жақсы біледі. Газ қалай қымбаттар екен деп алаңдаған жұрт күн сайын бағасын бақылап отыр десек, артық айтқандық емес.

**2 БЕТТЕ**

The New York Times

## Қос репрессиялы қоғам: Әйел міндеті не?

**Апта басында The New York Times газетінің тілшісі Александра Стивенсон қытай қоғамындағы әйел құқығы туралы мақала жариялады. Ішінде мемлекеттік шешім, әлеуметтік үрдіс туралы ақпар айтылғанымен, маған автор ұсынған ұғым ерекше әсер етті. Александраның айтуынша, қытай әйелі екі репрессияны өткеруде. Бірі – авторитарлы жүйенің тәк-тәгі, екіншісі – патриархалды қоғам қысымы. Мұның зардабы мен салдарын да өзінше «тәпсірлеуге» тырысқан. Автор суреттеген әйел бейнесіндегі кей элемент қазақ қоғамында да кездесетінін ескеріп, аталған мақаланы тарқатуды жөн санадық.**

Алдымен «Александра Стивенсон кім?», «Қытай қоғамына түпкілікті баға беруде неге сүйенді?» деген заңды сауалға жауап іздеу орынды. Ол – басылымның Шанхай бюросының жетекшісі. Гонконг пен материктік Қытайда көптеген әлеуметтік зерттеу жүргізіп, халық өмірін әлемге көрсетуге тырысты. Оның Гонконгта жұмыс істеуінің өзі «аспан асты елі» туралы біртұтас түсінік беруге құқылы екенін білдіреді. Себебі Қытайдың аралдары мен материктік бөлігінде мәдени алшақтық, әлеуметтік мәнер сан алуан...

Мақала атауы – «Қытай әйел орны ошақ қасы екенін тұспалдады» (еркін аударма - ауд.). Мұндай тақырып қоюдың маңызы бар. Олай дейтініміз, мақал өзегі жақында өткен жалпықытайлық әйелдер конгресіне арналған. Жиында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин бастаған элита елдегі әйелдерді дәстүрлі өмір салтына оралуға шақырып, бала туу көрсеткішін көтеруге үндеген. Бір қарағанда күлкілі әрі мінберден айтуға тұрмайтын тақырып-ақ. Десе де ресми риторика мемлекеттегі өзекті мәселенің шетін шығарып, осал тұсын ашып бергендей болды.

«Жалпықытайлық әйелдер конгресі ерекше өтті. Ортада ҚХР Төрағасы жайғасқан. Ол әйелдерге кеңес айтып, жиын бойы неке мәдениетін қалыптыстыру, бала туу деңгейін артыру туралы пікір айтты. Әсіресе партияға жастар санасына «махаббат», «неке», «отбасы», «құндылық» ұғымын сіңіруді тапсырды.

Қытай әйелдері бұл тенденцияға тап келгеніне бірнеше жыл болды. Олар екі түрлі репрессияны өткеруде. Билік тарапынан авторитарлы жүйенің тапсырмасын орындау жүктелсе, патриархалды қоғам бала тууды міндетеуге көшкен», – дейді Александра Стивенсон.

Әрине, автор «репрессия» сөзін бейнелі, яғни символикалық мәнде қолданғаны түсінікті. Әйткенмен мақалада агрессия реңкі барын мойындауымыз керек. Меніңше, орынды да секілді. Себебі Қытайда өткен ғасырда бастау алған «Бір отбасы – бір бала» саясаты қаншама ата-ананы қайғыға итермелеп, түрлі қылмыстың тарауына сеп болды. Енді, міне, жан басын көбейту, бала санын арттыру міндеті әйелге деген қоғам қысымын қайта үдетіп, «жоспар орындау» ісіне мемлекет араласатынын білдіретіндей. Күштеп тұрмысқа бермесе де «жұмсақ күшті» жүзеге аспақ.

Бірі сенер, бірі сенбес, бірақ қазір қытай қоғамы демографиялық дағдарысқа ұшырап отыр. Туу көрсеткіші кейін кеткен. Қиыр Шығыс елдеріне тән үрдіске айналғанымен, мәселе әлемдік өндіріс нарығының басым дені орналасқан Қытай үшін күн тәртібінде. Еңбек нарығын қамтамасыз ету, ұзақ перспективалы жобаны іске асыру үшін халықтың «жасарғаны» қажет. Туу көрсеткішін көтеру бастамасы да – сол бағыттағы ұмтылыс.

«Қытай демографиялық дағдарысқа тап келгелі партия аталған тақырыпқа маңыз бере түсті. Феминизм, гендерлік теңдік идеяларын тұншықтырып, дәстүрлі отбасылық құндылықты дамытуда. Ал мемлекеттік ұран мұндай қадамды модернизация жолы деп түсіндіруге көшті. Әйелдер конгресінде Си Цзиньпиннің «нәзікжандарды» жұмыспен қамту тақырыбын қозғамауы көп нәрсені аңғартады», – дейді тілші.

**4 БЕТТЕ**

# ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫН БАҒА ШЕШЕ МЕ?

Жалпы газ тапшылығының туындауы қондырғыдағы ақауда ғана емес екен. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, операторлар тапшылық туындаған кезде газды қымбат бағаға сатуды көздеп, пайда көрмек болған.

«Үкімет халық үшін арзан бағамен газ береді. Ал сіздер сол газдан пайда табу үшін сыртқа сатасыздар. Жол салушы компаниялардың жанар-жағармай шығыны жобасында қаралған. Оларды газбен қамтамасыз етуге міндетті емессіздер. Біз ондай уәде берген жоқпыз! Арзандатылған газды халықтың аузынан жырып, қымбатқа сатуға жол бермеймін!» – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте газбен қамтамасыз ететін оператор мекемелер басшылары қазіргі жағдайды баяндады.

**Қазақстанда ең төменгі баға, мұны ұзақ созбау керек. Біз барлық автокөлік жүргізушісіне көліктерін сұйытылған мұнай газына ауыстырмауға кеңес береміз, өйткені бағаның өсетіні сөзсіз. Министрлік бағаның күрт өсуіне жол бермейді, бірақ экспорт тапшылығы байқалған жағдайда автогаз бағасы экспорттық бағаға сай болады.**

Бүгінде облыс орталығы мен аудандарда әлеуметтік бағамен сатылатын газды тұрғындарға босату бойынша комиссия құрылып, оның ашық және әділ таратылуын қадағалайтын болады. Мұнан бөлек, облыстың Түркістан, Ақтөбе, Жезқазғанмен шекарасына арнайы бекеттер қойылып, әлеуметтік газды тасымалдау қатаң бақылауға алынбақ.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2022 жылғы 5 шілдедегі №16 бұйрығымен Қызылорда облысының аумағындағы автогаз құю станцияларында сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің шекті бағалары бекітілген.

Энергетика министрлігінің жеткізу жоспары бойынша Қызылорда облысына айына орташа есеппен 6-7 мың тоннаға жуық газ бөлініп келеді. Жеткізу жоспарына сәйкес қазан айында 6791 тонна газ бөлінді («Қазгермұнай» – 5427 тонна, «ПКОП» – 1364 тонна). Алайда «Қазгермұнай» компаниясының газ қондырғысындағы жоспардан тыс жұмыстарға байланысты бекітілген көлем 529 тоннаға қысқарып, жаңа жоспар бойынша 4898 тоннаны құрады. Осыған орай Қызылорда облысына 6262 тонна газ бөлінді.

«ПКОП» компаниясынан 1364 тонна газ толық көлемде әкелінді. Сонымен қатар қазан айында министрлік «СНПС Ақтөбемұнайгаз» компаниясынан 504 тонна (14 вагон) қосымша көлем бөлді. Оның ішінде, 288 тоннасы (8 вагон) облысқа келді. Тағы 144 тоннасы (4 вагон) жөнелтіліп, облысқа 1 қарашада келеді деп жоспарлануда, қалғаны 72 тонна.

Орын алған жағдайға байланысты «Саутс Ойл» компаниясымен келіссөздер жүргізіліп, компания 104 тонна газ бөлді.

Облыстан тыс жерлерге газды әкетудің алдын алу мақсатында жұмыс тобы құрылды. Бұл топ газды тиеп-жөнелту пунктінен бастап, автожанармай құю станцияларын толтыруға және одан әрі тұтынушыға сатуға дейінгі процесске бақылау жүргізуде.

Бүгінгі күні облыста сұйытылған мұнай газы бойынша қалдық қоры – 221 тонна. Одан бөлек, 27 қазанда облысқа 224 тонна қосымша көлем бөлінді. Комиссия отырысы сол күні өткізіліп, өңірлік операторларға бөлініс жасалды.

Айта кету қажет, қараша айына 7458 тонна газ қарастырылған. Оның ішінде, «Қазгермұнай» компаниясынан 4740 тонна бөлініп, бірінші онкүндікте 1840 тоннасы жоспарға сәйкес жеткізіледі.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы барлық операторға газды сатуға қатысты шектеулерді алып тастауды тапсырды.

«Бизнес – үнемі табыс табу деген сөз емес. Арзан газды сатып, газ тапшы кезде еш әрекет етпей, қол қусырып отыруға болмайды» – деп ескертті облыс әкімі.

Елімізде сұйытылған отынның қымбаттайтыны бүгін айтылған жаңалық емес. Бүгінгі күнге дейін Үкімет тарапынан бағаны қымбаттатпау шаралары жасалып келгенмен, оны тұрақты ұстап тұру мүмкін емес екені де айтыла бастады. Сондай-ақ сұйытылған мұнай газын автокөлікпен экспорттауға 3 жылға, ал теміржол көлігімен әкетуге 6 айға тыйым салынды. Бұған дейін де 2020 жылы үш жыл мерзімге сұйытылған отынды автокөлікпен тасымалдауға үш жыл мерзімге тыйым салынса, бұл биыл тағы да ұзартылды. Алайда бұл шаралардың барлығы бағаға бұғау болмайтыны белгілі. Себебі сұйытылған газ отынын тұтыну көлемі жоспардан асып кеткен. Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев қазақстандықтарға көліктерін сұйытылған газға ауыстырмауға кеңес берді. Министр қазан айындағы көрсеткішті мысал етіп, елімізде газ тұтыну көлемі артқанын атап өтті.

– Жыл басында біз 124 мың тонна сұйытылған мұнай газын өндіріп, ішкі нарыққа жеткізуді жоспарлаған едік, алайда қазан айында тұтыну көлемі 144 мың тоннаны құрады. Бұл – жоспарлағанымыздан 20 мың тоннаға артық. Жеткізуді жүзеге асыру үшін «Теңізшевройл» компаниясымен күрделі келіссөз жүргізуге тура келді, – деді ол.

Министрдің айтуынша, сұйытылған мұнай газының бағасы нарықтағы бағаға сай емес, шығыны көп, бұл өндіріс көлемінің аз болуына әсер етеді.

– Қазақстанда ең төменгі баға, мұны ұзақ созбау керек. Біз барлық автокөлік жүргізушісіне көліктерін сұйытылған мұнай газына ауыстырмауға кеңес береміз, өйткені бағаның өсетіні сөзсіз. Министрлік бағаның күрт өсуіне жол бермейді, бірақ экспорт тапшылығы байқалған жағдайда автогаз бағасы экспорттық бағаға сай болады, – деді министр.

Сұйытылған отынның арзан болмайтынын ескертіп келе жатқан энергетика министрі қарашаның алғашқы күні газдың бағасы біршама қымбаттайтынын хабарлады.

– Біз кенеттен сұраныстың артуына дайын болу үшін экспортқа кететін газды ел ішінде жұмсаймыз. Бірақ бұл ресурстардың шектеулі екенін білеміз. Біз бірден қымбатшылық болмауы үшін бағаларды болжап, кезең кезеңімен өсіріп, сұйытылған газ бағасын өз құнын өтегенге дейін көтереміз. Осылайша нарықтағы өндірушілер шығынға батпайды. Қазіргі баға 50-80 теңге аралығында, ал газдың өз құны 110 теңге. Бірақ біз бірден бұл бағаны қоймаймыз, бәрі ретімен болады, – деді.

Министр бағаны кем дегенде жанармайдың өз бағасы, яғни литріне 110 теңгеге дейін бірнеше кезеңмен өсіру жоспарланып отырғанын жеткізді. Ол қазіргі баға әсерінен сұйытылған газ өндірушілер шығынға батып, өндірісті кемітіп жатқанын атап айтты.

Энергетика министрлігінің ақпаратына сүйенсек, 2022 жылы Қазақстанда сұйытылған мұнай газының өндірісі 2021 жылмен салыстырғанда 400000 тоннаға немесе 10 пайызға төмендеді.

Өндірістің төмендеуінің негізгі себебінің бірі – инвестициялық тартымдылықтың болмауы. Өндіруші зауыттар сұйытылған мұнай газын өзіндік құнынан төмен сатқан. Бір сөзбен айтқанда, сұйытылған газ бағасын нарық заңына қарсы шығып, ұстап тұру мүмкін емес сияқты.

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

**Басы 1-бетте**

# НЕСИЕ ТАЛАБЫН КҮШЕЙТКЕННЕН НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

**Бүгінде халық тұрмысы мен несие егіз ұғымға айналған. Себебі ақша жоқ кезде тығырықтан шығар жол – банктен қарыз алу. Содан да болар, қазір екінің бірінде несие бар.**

**Қажеттілік туған кезде ойланбай банктен қарыз алып, ал уақыты келгенде амалсыздан айлығынан жырып несие төлеу бүгінгі қоғамның басты көрінісі. Өкініштісі, несие алған үстіне ала беретіндер немесе оны қажетсіз дүниеге жұмсайтындар көп.**

Несиенің өміріміздің маңызды бөлігі болғаны соншалық бір емес бірнеше банктен қарыз алу үрдісі қалыптасқан. Тіпті банкке берешегін төлей алмай жүрсе де, басқа банктен ақша алатындар немесе бір несиені екінші несиемен жабатындар көбейді. Бұл жағдай халықтың күнкөрісінің төмендеуіне әкелуде.

2019 жылы Мемлекет басшысы жалпы қарызы 3 миллион теңгеден аспайтын көп балалылардың, асыраушысынан айрылған отбасылар мен мүгедек бала бағатындардың, ата-анасыз қалған 29 жасқа дейінгі жастардың 300 мың теңгеге дейінгі несиесін кешіру туралы Жарлыққа қол қойып, оны жүзеге асыруды үкімет пен Ұлттық банкке тапсырған еді. Сонымен қатар сол жылы Ұлттық банк Президент тапсырмасына сәйкес табысы төмен қазақстандықтарға несие берілмейтіндігін мәлімдеген. Бұл шектеу 2020 жылдан бастап күшіне енуі тиіс еді. Сол тұста еліміздегі ең төменгі күнкөріс деңгейі – 29400 теңге болса, ең төменгі жалақы – 42500 теңгені құраған. Осылайша 29500 теңге жалақы алатын азаматтарға несие беруге тыйым салынған.

Алайда осындай талаптарға қарамастан қазақстандықтарға несие беру шектелген жоқ. Мамандар мұны әр банктің өзіндік ұстанымы деп түсіндіреді. Себебі бір банк борышкердің алған несие төлемі жалақысының 50 пайызынан асса несие рәсімдемейді. Ал бірі керісінше, ең төменгі табыспен де 500 мың теңгеге дейін қарыз бере алады. Енді бірі несие тарихы, төлем сомасы сынды жайларға мән берсе, енді бірінде шектеу жоқ. Өкінішке қарай бұл үрдіс әлі күнге дейін жалғасып келеді. Төрт жыл бұрынғы несиені кешіру бір реттік науқаннан кейін де азаматтардың несие алуы азайған жоқ. Кепілсіз, тұтынушылық несиеден бөлек тамақты да несиеге алу қалыпты жағдайға айналған.

Халықтың қаржылық сауатын ашу, несиеге тәуелділіктен арылту қажеттігін Президент үнемі айтып келеді. Өткен жылы жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдауды тапсырған-ды. Парламентте талқыланып келе жатқан бұл заң Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін бірден мақұлданды. Заңға сәйкес банкрот деп танылған азамат 5 жыл көлемінде несие ала алмайды. Оған қоса қаржылық жағдайы 3 жыл бақылауда болады. Сондай-ақ жеке тұлғаны банкрот деп тану көпшілік ойлағандай несиені толығымен кешіру емес. Оның өзіндік талаптары бар.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, жыл басынан бері 70 мыңнан астам адам өзін банкрот деп тануға өтініш берген екен. Бүгінде оның 6 мыңнан астамы банкрот деп танылды. Сондай-ақ әлі мыңнан астам азаматтың өтініші қаралуда. Өтініш берушілердің басым бөлігі Түркістан облысынан екен. Бұл ретте Сыр өңірі бесінші орынға тұрақтаған. Ал банкрот деп танылғандар қатары әзірге Алматы облысында басымдыққа ие.

Ел арасында жеке тұлғаларды банкрот деп танудан бөлек, халықтың проблемалық несиесін кешіреді деген қауесет тараған еді. Ақпарат жалған болса да борышкерлерді үмітті еткен қауесеттің нүктесін мамандар қойды. Көп көкейіндегі «халықтың несиесі кешіріле ме?» деген сауалға Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова жауап берді.

– Естеріңізде болса, бұған дейін жеке тұлғаларды банкрот деп тану туралы заңнамалық негіз болмағандықтан халықтың бір бөлігінің несиесі кешірілген болатын. Қазір мұндай заңнамалық негіз бар. Соның аясында 6 мыңнан астам адам банкроттық жариялау мүмкіндігін алды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады. Бүкіл жұмыс заңнама аясында бекітілген регламент бойынша жүреді. Ал банкроттықтан бөлек несиені кешіру науқаны болмайды, – деді вице-прьемер.

Енді халықтың несиесі кешірілмейтінін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова да айтқан еді. Оның айтуынша, 4 жыл бұрынғы науқаннан кейін қаржы секторындағы төленбеген несие көлемі артқан. Бүгінде қазақстандықтар алған несие көлемі 18 трлн теңгені құрайды. Оның ішінде тұтынушылық несие алу деңгейі соңғы 3 жылда орта есеппен 33 пайызды құраған. Ал төленбеген несие көрсеткіші 5,2 пайызға жеткен.

Былтырдан бастап Президент проблемалық несиелерді коллекторлық компанияларға сатуға тыйым салған еді. Себебі осындай әрекетпен микроқаржы ұйымдары өз несие портфелін жақсартып отырған.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, орта есеппен алғанда әрбір қазақстандықтың мойнында 1 миллион теңгедей несие бар екен. Мамандар соңғы кезде несиені несие алып жабатындардың саны артқанын айтады. Рас жағдай.

Осындай жайттан соң Үкімет несие беру талабын қайта күшейтпек. Солай несиесі бар азаматтарды жекелеген санаттарға бөлмек. Яғни енді қарызын уақытынан кешіктіріп төлейтіндер мен мүлде төлемейтіндерге несие берілмейді. Сондай-ақ жалақыға дейін қарыз беретін микроқаржы ұйымының жұмысына да шектеу қойылмақ.

Қаржы саласының мамандары жөндісжөнсіз несие алу, қарызды несиемен жабу, төлеу деңгейі төмен болса да несиеге жүгіну халықтың қаржылық сауатының жоқтығын көрсететінін айтады. Бұл тұрғыда Үкімет басшысы Әлихан Смайылов халықтың қаржылық сауатын арттыру үшін мектептің оқу бағдарламасына арнайы сабақ енгізудің дұрыс екенін жеткізді. Қазіргі күні бұл тапсырманы оқу-ағарту министрлігі зерделеу үстінде. Тапсырма жүзеге асса, оқушыларға қаржы мүмкіндіктерін дұрыс есептеу тетіктері түсіндіріледі.

Несиенің өзекті мәселеге айналғаны қашшан. Қажеттілігін қарыз алумен қанағаттандыратындардың қатары көбеймесе азаймақ емес. Мұны реттеудің жолын, проблемалық несиені азайтудың амалын мамандар осылай шешпек.

**А.СЕЙІЛ**

## МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ МАҢЫЗДЫ

**Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында қалалық мәслихаттың бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысы өтті.**

Оған қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев, комиссия мүшелері-депутаттар және қала әкімінің орынбасары Д.Тұрсынбаев, дербес бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, БАҚ өкілдері қатысты. Комиссия отырысына қалалық мәслихаттың бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Нұртазаев төрағалық етті.

Жиында Тасбөгет және Белкөл кенттерінің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, қаланың көпқабатты тұрғын үйлерін жаңғырту барысы талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелерге орай Белкөл кентінің әкімі Ж.Сәду, Тасбөгет кенті әкімінің міндетін атқарушы Ж.Байқадамов, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ж.Файзуллаев хабарлама жасады.

Жиында қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев Тасбөгет, Белкөл кенттері бюджетінің орындалу барысын бағамдауды, Бірқазан елді мекенінің дамуын назардан тыс қалдырмауды, қайтарымды қаражаттағы түйткілді мәселелерді шешуді тапсырды. Ал депутат Ә.Әбләзім №4 емхана ғимаратының құрылысы, кенттегі диспансер аумағының инфрақұрылымын жақсарту мәселесін қозғады. Тасбөгет кентінен сайланған қалалық мәслихат депутаты А.Төлегенова Тасбөгет кентіне қиыршық тас төсеу жұмысының сапасына мән беруді, кенттің шеткі аумағынан орталықтағы мектепке баратын қоғамдық көліктердің жүру сызбасын реттеуді, шеткі аумақтағы жер үйлерден шығатын қоқыстарды уақытылы алу мәселесіне мән беруді тапсырды. Белкөл кентінен сайланған қалалық мәслихат депутаты Т.Мақаш кентке мәдениет үйін салу ең өзекті мәселе екенін, сондай-ақ көпқабатты үйлерді жаңғырту, Тасбөгет кентіне қарасты саяжайлардың инфрақұрылымын дамыту мәселесі жергілікті тұрғындардың сұранысы екенін жеткізді. Халық қалаулысы Б.Кәрімова өзінің сайлау округіндегі тұрғын үйлердегі жаңғырту кезінде тұрғындардың шағымын назарда ұстауды, Белкөл кентіндегі жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу үшін жастардың қызығушылығын тудыратын жаңа жоба ұйымдастыруға мән беру керектігін ескертті. Е.Нұртазаев Бейбарыс сұлтан көшесінің Сәулет ауданына өтетін тұсына бағдаршам орнату, Б.Нұрпейісов көшесіне жасанды жол кедергісін қою жүзеге асырылса деген ұсыныс-пікірін айтты.

Комиссия отырысында қозғалған мәселелер тұрақты комиссия қаулысына енгізілді.

**Г.АСҚАРҚЫЗЫ**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес 2023 жылғы IV тоқсанға арналған Қызылорда қаласы әкімінің қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулерін өткізу КЕСТЕСІ**

| Р/С | Өтетін орны | Өткізілетін мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | Тасбөгет кенті | 2023 жылғы 20 қараша сағат 9:00 |
| 2 | Белкөл кенті | 2023 жылғы 20 қараша сағат 11:00 |
| 3 | Қызылжарма ауылдық округі | 2023 жылғы 20 қараша сағат 16:00 |
| 4 | Қосшыңырау ауылдық округі | 2023 жылғы 22 қараша сағат 9:00 |
| 5 | Қарауылтөбе ауылдық округі | 2023 жылғы 22 қараша сағат 11:00 |
| 6 | Ақжарма ауылдық округі | 2023 жылғы 22 қараша сағат 16:00 |
| 7 | Қызылөзек ауылдық округі | 2023 жылғы 23 қараша сағат 9:00 |
| 8 | Талсуат ауылдық округі | 2023 жылғы 23 қараша сағат 11:00 |
| 9 | Ақсуат ауылдық округі | 2023 жылғы 23 қараша сағат 16:00 |

| Р/С | Өтетін орны | Өткізілетін мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | Қызылорда қаласы | 2023 жылғы 24 қараша сағат 09:00 |

**Халықпен кездесулер өткізілгеннен кейінгі жергілікті атқарушы органдардың, әлеуетті құрылымдардың /прокуратура, полиция/ басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен азаматтарды жеке қабылдауды өткізу кестесі**

| Р/С | Өтетін орны | Өткізілетін мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | «Amanat» партиясы қалалық филиалы ғимараты | 2023 жылғы 27 қараша сағат 9:00-13:00-ге дейін |

**Ескертпе:** *Кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулердің нақты өтетін орны қосымша хабарланатын болады.*

Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ,
эколог жазушы:

# БАЛЫҚШЫ ЕСКЕГІНЕН, ДИҚАН КЕТПЕНІНЕН, ЖАЗУШЫ ҚАЛАМЫНАН АЖЫРАҒАН КҮН ЖАҚСЫ КҮН ЕМЕС

**– «Бейнетсіз зейнет жоғы – аксиомалық ақиқат. Біздің бейнеттен тұщымды сөз, жүрек қозғар шындық күтіледі» депсіз бір сұхбатыңызда. Сол бейнеттің арқасында сіздің көкірек көзіңізден тұшымды сөз, жүрек қозғар шындық туындылар өмірге келіпті. Өмірдің жал толқындарына қарсы жүзіп, кемел жасқа жетпей-ақ сіздің қаламыңыздан ел тағдыры, жер тағдыры туралы шығармалар туып, ол оқырман қауыммен қауышып, ел таласып оқитын кітап жазуды ерте қолға алыпсыз. Сол кездегі өмір шындығын ашына жазуға не себеп болды?**

– Бейнетсіз зейнет жоғы – аксиомалық ақиқат. Біздің бейнеттен тұщымды сөз, жүрек қозғар шындық күтіледі. Міне, осы мәселе – сұмдық ауыр міндет. «Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы...» тек өлеңнің ғана талабы емес. Мен «Әдебиет» атты ғажайып мекенге алғашқы қадамымды жаман бастамадым. 50 жыл бұрын «Жалын» баспасы бәйгесінің жүлдегері атандым. Сәл тыныстап бәйгенің тағы бір рет жүлдегері болдым. Небәрі 20 жаста едім. Сол меже менің шығармашылық тағдырыма ғана емес, бүкіл өмір жолыма жауапкершілік межесін сызып кеткендей болды. Төмен болмауға, қарадүрсін, таптаурын, жаттанды, құр жылтыраққа әуестеніп, құнарсыз сөйлемеуге тырыстым.

**– «Алыстағы аралдар» повесі әдеби ортада мойындалған шындық екенін сол кездегі жазушылар жазған жазбалардан байқадық. Сол шығарма қазақ әдебиетіне жаңа серпін әкеліп, тынысын ашты деген пікір айтылыпты. Сол пікірмен келісесіз бе?**

– Өмір толқындарына қарсы келсек, саясатқа қарсы келгеніміз болып саналады. Сонымен айта бастадық, жаза бастадық. Алғашқы мақаланы 1967 жылы жаздым. Халық шындыққа шөліркейтіні рас. Халықтың ішінде бұғып жатқан арман-мақсатын біліп, жас болсақ та халық іздеп жүріп оқитын жазушыға айнала бастадық. Алғашқы туындымды көсемсөзден бастадым. Ол кезде төл туындымды көсемсөз деп ұққаным жоқ. «Білім және еңбек» журналы жазбамды жариялады. Патриот жігіт бар екен редактор Мархабаев деген. Қорқа сокса да басып шығарды. Содан бастап Арал тақырыбы басқаша айтқанда, өткір тақырып менің тағдырыма айнала бастады. «Алыстағы аралдар» повесім жарық көрді. Бұл повестің де тағдыры қызық болды. Фариза апамыз өмірден өтер алдында «Сайлаубай, мен саған бір шындықты айтайын, ол сырды о дүниеге арқалап кетіп не қыламын? Сенің «Алыстағы аралдар» повесіңе бәріміз бірінші орын беріп едік, Сапарғали Бегалин деген жазушы менің «Құс жолы» атты кітабыма бірінші жүлдені бермесеңдер өкпелеймін» деп отырып алды деді. Бірақ көптеген жазушы өмірін қалай бастаса, солай жалғастыра береді екен. Фариза апамыз да, Шерхан ағамыз да «амал жоқ қарт жазушының көңілін қалдырмайық» деп осындай шешімге келген екен. Мен баламын ғой. Бәріне риза болдым. Сол жерде екінші орын алғанымның өзі жұлып алған жүлдедей болды. Төл туындым халықтың ыстық ықыласы мен құрметіне бөленді.

**Басы 1-бетте**

Шерхан, Мұзафар ағалар секілді тұғырлы тұлғалар сол бәйге қазақ әдебиетіне «Жыл келгендей жаңалық болды» деп айтып отыратын. Әр онжылдықтың әдебиетіміздегі «жыл келгендей» жаңалығы М.Әуезовтен қалған сөз ғой. Сол кезең (70-жылдарға дейін) әдебиетімізде Б.Соқпақбаев, С.Мұратбеков, Қ.Ысқақов, Д.Исабековтер – 60-шы жылдар түлектері делінсе, 70-ші жылдар легіндегі романтикалық, батыл ой мен қиял еркіндігін «Алыстағы аралдар» повесі ала келгені әдеби ортада мойындалды. Осылайша өзімнен кейін келген жазушылардың көшбасшысына айналдым. Бұл жаңалықтан кейін іле-шала М.Қабанбаев, Н.Ақышев, М.Рахманбердиев, Н.Мұратәлиев, С.Байхоновтай қаламгерлер қатары тың жаңалықпен әдебиет әлеміне есік ашты.

**– «Қазақ әдебиеті» газетіне «Сұрауы бар су еді...» атты мақаланыз басылып шығып, газет редакторы Шерхан Мұртаза ҚКП Орталық комитетінен сөгіс алғаны туралы естідік. Сіздің сондай әдебиет майталмандарымен қызмет істегеніңіз де әдебиет майданында қадамыңызды нық басуға жәрдемдескен болар?**

– Ахмет Өмірзақов деген блогер жігіт менен сұхбат алып, Түркістан газетінде шындықтың бетін ашты. Көзі қарақты сыншы әдеби процесті зерттеп жүрген жігіттер көп жайды айтып жүр. «Алыстағы аралдар» қазақ әдебиетіне жаңа бастама болды деген пікір қалыптасты. «Сұрауы бар су еді...» деген шағын мақалаға мән беріп, оны қазақ журналистикасындағы бірінші мәселе көтерген сыни өткір мақала деп бағалады. Олай деп айтуында да мән бар. Сол кезге дейінгі қазақ журналистикасындағы суреттеу, репортаж, очерк дегендердің бәрі бір сарында жазылды. Біздің журналистикамыз, публицистикамыз бірізді, бір сыдырғы, қара шекпен күйде қалғаны рас. Біз сол мақаламен ашы шындықты айтып, сыни мақала жазудың шымылдығын ашып бердік. «Қазақ әдебиеті» газеті «Сұрауы бар су еді...» атты мақаламды басып жіберді. Шапшағын ғана дүние. 1984 жылы жарық көрді. Бұл мақала тарихтың бастауында тұрды. Бірақ ҚСР Ауыл шаруашылығы министрі соған жауап жазып, әлек-шәлегі шықты. Сол кездегі мүйізі қарағайдай қаламгер, редактор Шерхан Мұртаза сол мақала үшін ҚКП ОК-нен сөгіс алды деп естідім. Сонда да ер ағамыз «Мақала жазсаңдар, Жұбатыровтай жазыңдар! Аптасына бір рет шығатын газеттің сөгіс алып отыруы дұрыс. Бізді халық қолдаса болды» деп мені мойындағаны ол кісінің ұлылығы деп білемін. Міне, осы дүние қазақ журналистикасындағы проблемалық мақаланың алғашқы қарлығашы болды. Кейін «қара сөздің Қабанбайы» атанған М.Қабанбаев інім бұл бастауды да іле-шала дүркіретіп әкетті. Менен бір-екі саты төмен жүрді. Сол кезде қазақ журналистикасында жаңа дәуір басталғандай керемет үрдіс қалыптасты. Қазақ журналистикасындағы сарапшы өткір сөз бастауы 1984 жылы солай өмірге келді.

**– «Абыржы» трилогиясы туралы айта кетсеңіз...**

– «Абыржы» роман-трилогиясы қомақты дүние болып шықты. Трилогия деген үш кітаптан тұрады. Мың беттен асып кетті. Бұл –Аралдың қасіреті. Бұл – қоғамның абыржысы. Бейнелі дүние. «Абыржыда әбіржіме» дейді халық. Қиындықта азамат бол, жол тап дейді. Роман өтпелі кезеңнің сипаты. Шығарма екі дәуір, екі мыңжылдықтар, екі ғасыр табалдырығындағы үлкен дүние болды. Қоғамның былық-шылығын айтуға тырыстық. Сонау «шығармашылық деңгейді» бір сәт естен шығармаған намысты жұмыс, көп жылдық еңбек пен ізденіс нәтижесін берді. Ел пікірін арлы адам ақшаға сатып, не алақан жайып сұрап алмайды. Бір қуанарлығы, сыншылар бұл кітап жайлы өте бастамашылығы зор үлкен, тың дүние деп пікір айтып жүр. Бұл туралы алда айтылар сөз көп сияқты. Қазақ журналистикасындағы «Сарыарқа» атты ірі ойлы, ірі ойлы, ірі ойлы,

# Саяжайда да өмір бар

Өңір басшысының тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет және қала әкімі Асылбек Шәменов құқық қорғау органдарының, жауапты салалардың басшыларымен бірге қала іргесіндегі «ПМК-29», «ПМК-66» саяжайларының тұрғындарымен кездесті.

«ПМК-29» – «Электромонтажник», «Мелиоратор», «Самал-2», «Аэрофлот», «Сантехник» саяжайларынан құралған. Ресми есеп бойынша мұнда 2000-ға жуық халық тұрады. Қоғамдық көлік бекітілген кестеге сәйкес аптасына 3 рет қатынайды. Саяжайлықтар жолаушылар тасымалын күнделікті режимге ауыстыруды сұрауда. «Автобус паркі» ЖШС басшылығына кестеге өзгерістер енгізу тапсырылды.

Саяжайда электр желілерінің тозығы жеткен. Соның салдарынан қыс мезгілінде тұрғындардың тұрмыстық техникасы істен шығып қалатын жағдайлар жиі кездеседі. «Қызылорда электр тарату тораптары» мекемесі зерделеу жұмыстарын жүргізіп, қажетті шараларды қолға алады.

Тұрғындарды толғандырған түйткілдің бірі – саяжай аумағындағы «Иіркөл» жасанды көлінің жеке кәсіпкерге 49 жылға жалға берілуі. Көл иесі аумақты қоршап, арнайы су өткізгіш құрылғы орнатқан. Соның салдарынан саяжай халқы балық аулап, бау-бақшасына аяқсу жеткізе алмайды. Облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы көл айналасындағы дауға байланысты заңдылығын қарау үшін құқық қорғау органдарына тапсырма берді.

**Басы 1-бетте**

Сонымен қатар «ПМК-29» саяжайын қаламен байланыстыратын аралықтағы жолды жөндеуге қатысты нақты шаралар қарастырылатындығы айтылды.

Ал «ПМК-66» саяжайының 250-ге жуық тұрғыны сапалы жол салып, ауызсу желісін тартуды сұрайды. Қала әкімі Асылбек Шәменов жол жағдайы мен ауызсудың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, түнгі жарықтандыру жоспарға енгізілетіндігін жеткізді.

Қала басшылығының тұрғындармен кездесуі «Ягодка» және «Пищевик» саяжайларында өтті.

Аумағы 92 гектар «Ягодка» мен «Пищевикте» 1200-ге жуық халық тұрады. Тұрғындарды қаламен байланыстыратын қоғамдық көліктер күнделікті қатынауда. Бұған дейін қос саяжайдың 7 көшесіне қиыршық тас төселіп, жаңа электр желілері тартылған.

Кездесу барысында тұрғындар тағы бірнеше көшені жөндеуден өткізуді, ауызсу желісін тартуды, сондай-ақ, «көгілдір отынға» қосылу мүмкіндіктерін қарастыруды сұрады.

Көтерілген мәселелер бойынша жан-жақты зерделеу жұмыстары жүргізіліп, қажетті шаралар қолға алынбақ. Демек, саяжайдың күрмеуі шешілмеген мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табатын күн алыс емес.

**Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ**

# «Даму» демеген жобалар жүзеге асты

**Мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауы нәтижесін беріп келеді. Бүгінде өңір кәсіпкерлері «Даму» қоры арқылы 34 млрд теңге көлемінде несие рәсімдеген. Бұл шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда үлкен септігін тигізбек.**

**Өңірлік комуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен баспасөз турында «Даму» қоры арқылы мемлекеттен қолдау алған кәсіпорын жұмысымен танысып қайттық.**

Баспасөз туры аясында БАҚ өкілдері алдымен «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, фри цех жұмысымен танысты.

Кәсіпкер инвестициялық мақсаттарға, картопты қайта өңдеу бойынша жабдықтар сатып алуға несие ресімдеп, «Kaz Fries» мұздатылған картоп өндіру зауытын іске қосты.

Алдымен картоп сорттары бөлініп, арнайы техника көмегімен туралып, қаптамаға салынады. Содан соң сауда орындарына сатылымға шығарылады. Кәсіпорын ауыл шаруашылық өнімдерінің барлық түрін өндіреді. Оның ішінде мал шаруашылығы және құрылыс материалдарын өндірумен де айналысады.

– Биыл «Абай Дәулет» компаниясы 600 млн көлемінде фри зауытын құрды. Әртараптандыру мақсатында көптеген жерге картоп егіп жатырмыз. Қазіргі таңда зауыт қуаттылығы тәулігіне 5 тонна өнім шығаруда. Компания «Даму» қоры арқылы осындай қолдау көріп отыр. Шығарылған жоба шеңберінде жеке медициналық жабдықтары сатып алынды.

Клиника құрылтайшысы Раушан Базарбаевның айтуынша, бүгінде тіркеліп қаралушылар саны бес мың адамға жуықтаған. Толық медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мемлекет қолдауы нәтижесінде халыққа қажетті қызмет сапасы артып келеді. Бұл әлеумет дамуындағы үлкен өзгеріс.

Өңірде кәсіптік маман даярлауда танымал оқу орнының бірі – құрылыс және бизнес колледжі. Колледж «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында қосымша құрылыс салуға бағытталған қаржыландыруға ие болды. Нәтижесінде колледж 1600 шаршы метрден 2500-ге дейін ұлғайтылды.

өнімдер қаланың кез келген сауда орнына уақытылы жеткізіліп отыр, – дейді кәсіпорын директоры Мұрат Сәрсенбаев.

Халық денсаулығы күн тәртібіндегі түйіткілді мәселеге айналғаны қашан. Адам денсаулығы қоғам байлығы болып саналады. Қала орталығында бой көтерген «Сана-Сезім» ЖШС медициналық қызмет көрсетумен айналысады.

Кәсіпкер 2016 жылдан бастап жұмыс медицина саласы бойынша жүйелі түрде жұмыс жасап келеді. Мұнда ересектер мен балаларға арналған бірегей емдеу-сауықтыру бағдарламалары қолданылады. Бұл нысан науқастардың иммунитетін табиғи түрде қалпына келтіруге негізделген жалғыз клиника саналады. Өткен жылы «First Heartland Jusan Bank» АҚ арқылы 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық

Жаңа кабинеттер саны артып, қажетті құралдармен қамтылды. Заманауи кітапхана пайдалануға берілді.

– Бүгінде 100-ге жуық ұстаз еңбек етсе, 500-ге жуық студент түрлі мамандықтар бойынша білім алуда. «Даму» қоры арқылы жеңілдетілген несиеге қол жеткіздік. Соның нәтижесінде жұмыс жеңілдігі артып, жаңа нысан жастардың алаңсыз білім алуына қолайлы жағдай жасап отыр. Мемлекеттен 19 пайыз көлемінде несие рәсімдеп, соның 13 пайызын «Даму» қоры төлеп отыр. Қалған 6 пайыз қаражатты өз есебімізден төлеп келеміз. Бұл жаңадан кәсіп бастаған тұлғаға үлкен қолдау, – дейді колледж директорының орынбасары Естөре Құлтаев.

Қордың мақсаты – Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту. Өңірлік филиал директоры Айдос Жылқайдаров атқарылған жұмыс барысына тоқталып, алдағы жоспарларды да жасырмады.

– Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша кәсіпкерлер саны артып келеді. Бизнестің дамуына елеулі үлес қосып жатқан «Даму» қоры болып табылады. Бизнесті қолдау және дамыту бағдарламаларын жүзеге асыра бастағалы облыс бойынша 6 мыңдай жобаға «Даму» қоры тарапынан қолдау көрсетілді. Оның ішінде биылдың өзінде 700-дей жоба оң шешімін тапты. Қор арқылы қолдау тапқан әрбір жоба өңір дамуына және жаңа жұмыс орнын ашуға айрықша септігін тигізбек, – деді «Даму» қоры аймақтық филиал директоры.

**Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

The New York Times

# Қос репрессиялы қоғам: Әйел міндеті не?

Расында, соңғы жылдары Қытайдағы әлеуметтік қозғалыс бәсеңдеді. Бұған дейін әлемдік ақпарат агенттіктері әйел құқығын көтерген белсенділердің тұтқынға алынғанын жарыса жазған болатын. Тіпті мәселеге үн қосып, пікір айтқан адамның басшылықтан сөгіс алып, жұмыстан шыққан оқиғасы да БАҚ-та тараған. Тек әлеуметтік желі ғана шындық аренасына айналып, гендерлік дискриминация мен зорлық-зомбылық көрген мыңдаған азаматтың өмірі талқыланатын. Оның өзінде билік тарапынан әлеуметтік желіде қолдау білдіру мүмкіндігін тежеу әрекеті көп байқалған. Қысқасы, феминистер мен белсенділер түрмеге тоғытылып, 2018 жылы басталған #MeToo қозғалысын тасада жұмыс істеуге итермеледі.

Сонымен қатар конгресс барысында пікірден бөлек, тапсырма сипатындағы ұсыныс та болыпты. Мысалы, төраға көшбасшы әйелдерге дәстүрлі отбасы туралы жағымды оқиғаны көп таратуға, әйелдерді қытай ұлтының болашағы үшін қызмет етуге үндеген. Демек, нақты ұсыныс пен шешім жолы түзіледі деген сөз.

«Бүгінде партия туу көрсеткішін көтеруге зәру. 1960 жылы болған төменгі көрсеткіш қайта оралды. Билік олқылықты түзету үшін барын салуға көшкен. Көпбалалы отбасы үшін қаржылай ынталандыруды аттырып, салық жеңілдігін көбейтуді қолға алды. Әлеуметтік жобаны бірінен соң бірін төпелеп, осы арқылы әйелдің заңды орыны отбасы жанында екенін дәріптеуде. Жұмысбасты әйел образы құнсызданып, қаржылай қолдау көбейді.

Жасыратыны жоқ, ұзаққа дейін ҚХР төрағасы елдегі туу көрсеткішінің түскенін, неке санының азайғанын мойындамады. Сондықтан Қытайдағы көптеген жас әрі білімді әйел өзін еркін ұстауға дағдыланған еді. Еріне қаржылай тәуелді болмауға үйреніп, қыздар тұрмысқа шығуға асықпайтын. Енді биліктің тапсырмасын орындау үшін кей отбасы қыздарын тұрмыс құруға қыстап, әйелдерді үйде отыруға және бала тууға міндеттейтіні түсінікті», – дейді Александра Стивенсон.

Сөз басында айтып өткеніміздей, қытай қоғамы әркілы. Әсіресе, батыстық өркениеттің ұшқынын көрген шеткері аймақ Гонконг секілді өңірде жастардың қарсылығы үдейтіні анық. Қазірдің өзінде әлеуметтік желіде аталған тақырыпта дау көп. Басым дені қытай қоғамында «батысшыл» топтан шығуда. Олар билік бастамасын сәтсіз қадамға балап, болашақта экономикалық дағдарыс пен жұмыссыздық деңгейінің артуына әкеледі деп топшылайды.

Осы орайда мақалада мысалға келтірілген Сидней университетінің аға оқытушысы Минглу Ченнің пікірі еріксіз еске оралады. Ол: «Мемлекет үшін әйел әрқашан белгілі бір дәрежеде саяси құрал болған. Қытай әйелдің үйде отырып, бала мен карт кісіге қарауын анағұрлым тиімді санайды», – дейді. Сөзсіз, дәл ұғым, тура мағына. Өкініштісі, мұндай келте түсінік, жабайы әрекет жалғыз Қытайда ғана емес, кез келген елдің қоғамында кездеседі. Мәселен, Қазақстанда билік тарапынан гендерлік теңдікке қысым болмағанымен, кей отбасының «қытаймен мәндес» түсінікті ұстанатынын жасыра алмаймыз.

P.S. Қазір қоғамдық зерттеу, әлеуметтік үрдісті әйел теңдігімен сабақтастыру белең алуда. Әсіресе гендерлік әділдік ұғымын саясиландыру ел имиджін айқындайтын дәрежеге жетті. Әлемдік сыйлық басымдығы, ақпарат агенттіктерінің тақырып аясы да осы мәселе төңірегінде өрбитінін байқаймыз. Мәселен, биыл кезекті Нобель сыйлығын американдық экономист Клаудия Голдин еңбек нарығындағы әйел үлесі туралы зерттеуі үшін алса, ирандық Наргиз Мохаммади әйел құқығын қорғаған ерлігі үшін иемденді. Сондықтан бүгінгі қоғам Қытай секілді әйелді «ошақ қасына отырғызуды» емес, керісінше мәселені «ошақ қасынан» шығаруға ұмтылу керек секілді.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
**Ерсін ШАМШАДИН**

**Басы 1-бетте**

**Меншік иесі:**
СЫР МЕДИА
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Бас директор**
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

**Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы**
**Бас редактор**
**Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

**Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелініп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
**Таралымы 3109** **Тапсырыс №1747**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ